

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН

ӘОЖ 004.89

Абдимоминова, Д.К.

*педагогика ғылымдарының магистрі,
ИР және КТ кафедрасының аға оқытушысы*

Белгібаева, Г.М.

*«5B012000 – Кәсіптік оқыту»
мамандығының 3 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан*

БАТИК ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Түйін

Бұл мақалада мектептерге қажетті батик өнерімен сурет салу әдістемесі кеңінен қамтылған, сонымен қатар батик технологиясының шығу және даму тарихы қарастырылды, батик өнерінде сурет салу техникасы мен түрлері зерттелді, батик техникасымен мата бетіне композициялық бейнелер орындау негіздері анықталды, табиғат көрінісін бейнелеу негіздері көрсетілді, сәндік қолданбалы өнер сабағында батик өнерін оқыту және өнер үйірмесін ұйымдастыру негіздері ашылды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындылары келтірілді.

Кілт сөздер: батик, технология, техника, сәндік қолданбалы өнер, бейнелеу өнері, сурет салу, мата.

1 Кіріспе

Батик әр түрлі елдерде көптеген айырмашылық ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, Индонезияда батиктің негізі-индиго түсінің көк, қызыл қоңыр және піл сүйек түстің барлық реңдері, индонезиялық дәстүрлі ою символикалық мағынаға ие суреттер мен бұйымдарды өздері анықтады сонымен қатар патшалық, корольдық оюларды қайта қайталауға ешкімнің құқықтары болмады.

Алғашқы маталардың өндірісіне дейін малайзиялықтар ағаштың қабығына өрнектерді салып оларды балқытылған балауызбен бояп отырған. Ал маталар пайда болған соң бұл әдістің негізі балқытылған балауызбен сурет түсіру сол жұмысты сәндеуге де қолданыла бастады. Матаға жағылған балауыз бояу түстерін өткізбейді яғни бояулардың араласып кетуіне кедергі жасайды. Содан соң матаға түрлі түсті бояуды жаға беруге болады. Балауыздың осы бір қасиеті арқасында ежелгі әдістердің бірі матаны әрлеудің негізі қаланды. Батик сөзі Ява тілінен аударғанда ыстық балауызбен сурет салу деген мағынаны білдіреді. Өз уақыты бойынша батик пайда болуы мен дамуы, әртүрлі елдермен саяхатта және суретшіден суретшіге ұрпақтан ұрпаққа көшіп акварель, пастельді, графиканы, витражды, бейнелеу өнерінің көптеген қабілеттерін өзіне сіңіріп алды. Қазақстанда бұл сала әлі жетік дамып үлгермеген.

2 Материалдар мен әдістер

Батик технологиясының тарихы, ерекшеліктері және батик техникасымен композициялық бейнелер орындау негіздері.

Мың жылдан астам уақыттан бері адамзат матада сурет салу өнерімен, току өнерімен, яғни батик өнерімен таныс болды. Батик – матада қолмен бояудың әртүрлі әдістерінің ортақ атауы. Көне заманнан бері батикте күнделікті киімдерден бастап, маңызды кездесулерге арналған костюмдер мен аяқ киім мен сөмкелерге дейін барлығы жасалып, тігілген. Батиктің

түсіне, үлгісіне және мотивіне байланысты иесінің орны мен әлеуметтік мәртебесін анықтауға болады.

Индонезия Республикасының ең үлкен бөлігі – Ява аралы. Батик өнерінің жасалу қисындарының өзгешіліктерімен ерекшеленетін орталығы – Джокьякарта қаласы. Джокьякарта батик модельдерінің үлгілері сан алуан типтерге ие бола тұра, сонымен қатар ішінара жүздеген нұсқаларға бөлінеді. Мысалы, қарапайым немесе ауқатты отбасы қоғамның белгілі бір әлеуметтік табының өкілі екенін әртүрлі түстер мен мотивтерді қолдану арқылы ажыратуға болады. Бұл дизайндық ерекшелік сонау ғасырлар бұрын сарай кеңістігіндегі патша мен жоғары лауазымды қызметкерлердің киім үлгісіндегі Udang Liris (уданг лирис) әдісінің көптеп кездесуінен байқалады.

Индонезия өнер әлемі түрлі батик өрнектерінің жаңа әдістерін тамашалап, тарихына үңілу мүмкіндіктеріне толы. Санауға келмейтін жоғары сатыдағы өрнек түрлері Индонезияның 17 мың аралдарында кездеседі. Бұндай сандар мен статистика батик үлгілерінің сан алуандығына дәлел бола алады. Nitik Truntum (нитик трунтум), Kawung (кавунг), Parang Barong (паранг баронг), Parang Rusak (паранг русак), Ceplok (чеплок), Udang Liris (уданг лирис), Nitik (нитик), Semen (сымын), Lereng (леренг) негіздері бұл тек Индонезияның бір аралының бір бөлігін ғана қамтиды.

Жалпы қауымға белгілі жібектің шығу орталығы – Қытай (б.з.д. XII ғасыр). Орта ғасырларда Қытай елі өз жібектерін әсемдеу мақсатында жанцзені, яғни кездеме әдісімен безендірілген өнімдерін қолданысқа шығара бастады. Әсем оюлар маталарға сұйық бояуды қолдану арқылы енгізілді. Өрнектерді бояумен енгізудің, қазіргі таңда, Тан империясының дәуірінен танымал үш түрі белгілі: балауыз арқылы, түйіндеу және блоктау. Дәстүрлі қытай батигінің блоктау және түйіндеу әдістерінде өзіне тән шаблондары қолданылған. Анықтап айтқанда, өнімдегі жібек өрнектерінің әр символы белгілі бір философиялық танымға сәйкес келеді. Мысалы, балық пен көбелек бейнесі – береке мен мерей образы болса, лотос өсімдігі адалдық нышанында қолданылады. Табиғаттың әсем бейнелерін жібек матаға түсіріп бейнелеу тұңғыш рет Қытай елінде іске асылырыла бастаған.

Жапонияда батик өнерінің дамуы туралы бірер сөз. Жапонияның көпқырлы мәдениетімен қатар рокэти атты батиктің жаңа түрі де кең өріс алды. XVI ғасыр соңына қарай дамыған жапон бұрыштық қолжазбалары бірте-бірте XIII ғасырда өзекті болған таңба ою өрнектерін сән әлемінен ығыстыра бастады. Бұл қозғалыс жапондықтарға мәнерлі өрнектерді киімге арналған матаға да, қағаз бетіне де түсіруге жаңа мүмкіндіктер ашты. Ал XVII ғасырдың соңында Киотоның атақты шебері Миядзаки Юдзен бояуды қолданып кескіндеме техникасын жетілдірді, кейіннен бұл әдіс оны ойлап тапқан шебер атымен – Юдзен деп атала бастады.

Қолөнер көркем туындылары қазіргі күнде де өз өзектілігін сақтауда: батик өрнектері мен жапон-қытай азиялық символ үлгілері бүгін де талай атақты суретшілер мен шеберлердің туындыларында жоғары сұранысқа ие. Үнемі өзгеріп отыратын әдістермен қатар, өнер туындыларын жарыққа шығару үшін іске асатын құрал-жабдықтар да дамуға ұшырап, балауыз орнына каучук немесе гутта резерві қолданылып, температуралық өңдеуге арналған құрал орнына арнайы электірлік штифтілер және жаңартылған құралдар жарық көрді. Акрилдердің таралуы әсем және безендірілген туындыларды жасауға сұраныс білдірген әр адамның қалауын қанағаттандыруға мүмкіндіктер ашты.

Батик әдісі бұрынғы заманнан бері дамыған. Б.з. I ғасырында Индонезияның Ява аралында, Индияда, кейін Жапония, Перу, Батыс және Орталық Африкада іске қосылып, XVIII-XX ғасырларда Европада, Ресейде алғаш рет қолданыла бастады [2].

Қазіргі таңдағы қолмен өрнектеу өнері ертеде қолданылған әдістердің негізін тірекке ала отырып, жаңа технологиялармен жақсартылған. Батик безендіру технологиясы су сіңірмейтін бояу құрамынан тұрады.

Батик – мата үстіне сурет салу өнері. Оның белгілі бірқатар түрлері кездеседі:

а) ыстық батик;

- ә) суық батик;
- б) қыздыру арқылы жасалатын батик;
- в) еркін жазба;
- г) түйілу арқылы жасалатын батик.

Ыстық батик технологиясында ара шалшығы орнына парафин мен стеарин процеске енгізілді. Материалға кесте түсіру барысында бояулар дұрыс түспей кем болып қалған жағдайда да жазылған өрнек уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, кең мағынаға ие болады. Бүгінде бұл амал жалпы батик технологиясының негізіне айналды. Осылайша, жаңа әдістер мен шикізаттың көптеп таралуына байланысты батиктің де жаңа түрінің, яғни салқын түрдің дамуына алып келді.

Ыстық батик техникасы ішінара бірнеше әдістерді біріктіреді: жай батик – материалға бояуды бір рет пайдалану, күрделі батик – материалға бояуды бірнеше рет пайдалану және бөлшектеп безендіру [3].

Жай батикті жасау барысында, ең бірінші, бояу тиюге тиіс емес аймақтар арнайы сұйықтықпен өңделеді; екіншіден, дайын өңделген материал бетіне бір түсті бояулы өрнек салынады.

Уақыт өте келе батиктің салқын түрі енгізілді. Аты айтып тұрғандай, өрнекті мата бетіне түсіру процесінде де, оны дайындау үдерісінде де, бояу суық күйде түсіріледі – енгізілген әр бояу сызығы мата үстінде анық көрініп тұрады. Сондықтан, арнайы бояу түс реңімен қатар келетін, үйлесімділікті талап ететін даярланған сұйықтықтармен араластырылады: қоңыр, қара, бозғылт түсті.

Мата бетіне түсіруге тиіс суретті анық жазу үшін, қажет суретті рамаға тартылған материалдың астына қойып, қарапайым қаламмен контурын сызып шыққан жөн. Бұл пунктті орындағаннан кейін, шыны түтікті қолдану арқылы парафин араласқан сұйықтықпен суреттің жалпы контурі қайта бастырылады. Рейсфедерге шыны түтікті ауыстырып, оны мақтамен ығыстыру арқылы дайын сұйықтықпен толтырып, мақтамен сызуға қолайлы қалыңдықты өлшеп реттеуге болады. Осы үдерістен соң шыны түтік немесе рейсфедерді бензинмен арнайы тазалап шығу қажет. Шыны түтікшелер, сонымен қатар, шағын материал көлемін толтыру үшін, жіңішке өрнектерді сызу үшін пайдаға асыруға тиімді.

Жұмыс барысының мақсаты – оқушыларды матаны өрнекпен әсемдеу өнерін меңгертіп, еркін жазбамен қатар, бандан, суық батик, ыстық батик, кракле сияқты техника түрлерімен таныстыру.

Жұмыстың негізгі тапсырмалары:

1. Матаны жазба қолдану арқылы безендіру техникасының тарихымен танысу.
2. Процеске қажет құралдар мен сұйықтықтарды дайындап үйрену.
3. Жазбаға арналған матаны рамаға керуге және суретті жұмысқа дайындай алуға дағдыландыру.
4. Үлгілерді келесі техникаларды қолдана отырып орындау:
 - а) Еркін жазба.
 - ә) Тұзбен қоюлатылған еркін жазба.
5. Бандан техникасын игеру, үлгілерді орындау.
6. Суық батик техникасымен танысу, үлгілерді орындау.
7. Ыстық батик және кракленің теоретикалық жазба әдістерімен танысу [4].

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Біз матаны жазба арқылы безендіру техникасының тарихына шолу жасап, өрнекте қолданылатын бояулар мәліметін меңгереміз. Мата түрлерімен қатар, бояу типтерімен танысу бірге іске асырылады. Қышқылды, негізгі, кубокты, дисперстық, оптимальды бояулар өрнек түзудің барлық техникаларына қолданылады.

2. Мата жазбасына арнайы ілмегі бар ішінен реттеп тұратын рама пайдаланылады. Раманың бұл түрін қолдануға мүмкіндік болмаған жағдайда, іске қарапайым рама да жарайды. Матаны рамаға бекіту процесі келесі кезекпен жүзеге асады: мата ортасын бекітеді,

кейін қарама-қарсы жағына тартып кереді; арасын 3-5 см қашықтық болатындай етіп арнайы батырмамен келістіріледі.

3. Бояу көлбеу жазықтықта жазылатындықтан, мата керілген рама көлбеу тұрғаны жөн.

4. Керілген рама суық батикті жиектейтін сұйықтықпен контурленеді.

5. Мата кескіндемесінің ерекшеліктері:

а) Бояудың мата бетіне жайылуы.

б) Қағаз бетінің шағын көлемі.

Акварель мен қағаздың құрамдас ерекшеліктеріне байланысты бояу түсі ағарып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, жазбадағы бояудың құрамдас бөліктерін мата аз уақыт аралығында сіңіреді. Сондықтан, қанық түс алу үшін бояуға қосымша су қосып, реңді төмендетіп, қажет тығыздыққа келістіруге болады.

6. Матаға бояу енгізудегі екі палитраның болу қажеттілігі туындайды. Бояуды әуелде пластмассалық палитрада араластыру қажет. Сонымен қатар, бояу матаның түріне байланысты әртүрлі түске ие болатындықтан, қатенің алдын алу шарасын жасаған жөн: бояуды матаға енгізіп, нәтижесін байқап көру.

7. Еркін батикте қылқалам ретінде арнайы мақтаны қолдануға болады. Бояу материал бетіне нашар енгізілген жағдайда, спирт араластыру арқылы, сұйықтық концентрациясын реттеуге болады.

Еркін батик техникаларында бірқатар тәсілдер бар.

8. Тұз қосылған еркін батик [5].

Рамамен бекітілген мата бетіне тұз ерітіндісі жағылып, кепкеннен кейін үстінен бояумен бастырылады. Осылайша тұз бөлшектері сұйықтықтың жайылып кетуіне кедергі жасайды.

Матада қолданылған мақта немесе түтікшенің іздері көрініп қалатындықтан, тұзбен қоюлатылған еркін жазбаны тегіс бояуға болмайды.

Мата типіне байланысты тұз ерітіндісі әр түрлі концентрацияда дайындалады.

Капрон үшін – 20-30%

Жүн үшін – 15%

Мақта үшін – 30%

Еркін жазбаның екінші әдісі – үсті-үстіне қайталанып жазылған жазба. Сумен ерітілген анилин материал бетіне түскеннен кейін, анық түсті алу мақсатында, бояуды бірнеше рет қылқаламмен жазбаға түсіру қажет. Матаға түскен әр бояу қабаты келесі бояу бөліктерін айқындай түседі. Бояудың әр қабаты кепкен сайын, жазба жаңа реңді көрініске ие болады. Еркін жазба мен суық батикті қосарлана қолдану жазбаның жаңа түрінің қызық композициясы болып табылады [6].

Батик өнерінде табиғат бейнесін түсірудің әдіс-тәсілдері.

Батик салу өнерінде табиғат көрінісіндегі композициялық құрылым мен перспективалық ұғымның алатын орны ерекше. Перспективада сурет салушыға кез келген бейнені табиғатта қалай көрсек, дәл солай бейнелеуге мүмкіндік туғызады. Сондықтан батик салу барысында да композиция мен перспективалық заңдылықтарды ескерген жөн.

Эскиз жасау барысында, шебер табиғаттың өзіне тән құбылыстарын шынайы бейнелеуге ұмтылады. Эскиз жасай отырып, суретшінің ақпаратты көзбен қабылдай алу қабілеті дамиды. Қолөнердің қай тұсы болса да, бояуды, суретті, құбылысты көре алу білімділігі мен танымы арта түседі. Эскизді жасаудағы түп мақсат – түстер палитрасын қолдана отырып, табиғат ерекшеліктеріне тән сұлулық пен өзгешеліктерді өзгеріссіз материал бетіне бейнелей алу, ақиқатқа жақын, шынайы әдемілігін көрсету. Эскиз жазу әр шебердің талғамына, көзқарасына байланысты, туындылары кейде бір тақырыпты қамтыса, кейде бірнеше қырларынан танылады. Дәл солай, бір шеберге аз уақыт қажет болса, екіншісіне бірнеше рет жұмыс жасау қажеттілігі туындайды. Мысалы, белгілі В.А. Серов өз эскизін ондаған реттілікпен жазса, Ә. Қастеев пен У. Әжиев жылдың төрт мезгілінде де үзіліссіз жазып шыққан. Эскиз кейде

нобай-эскиз түрінде келуі мүмкін. Бұл жағдайда негізгі үлкен бөлшектер ғана алынып, ұсақ элементтерге мән беріле қоймайды. Шеберлер эскиз жасаудың осы түрінде белгілі бір құбылысты немесе өзгерісті сол қалпында материал бетіне түсіру мақсатында қолданады.

Эскиздің дұрыс орындалу шарттары:

– табиғат көрінісін шынайы қабылдай алу және көркем бейнелеу;
– құбылысты қажет қырынан сезіне білу, ақиқатты көрсету, айналадағы өзгерісті бейнелеу;

– оқытушы қойған тапсырманы шарттарға сай орындау;

– жұмыс орнын құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз ету.

«Батик» үйірмесі оқушылардың өнерге қызығушылықтарын арттырады: ұлттық сәнді қолданбалы өнерімен, халықтың қолданған заттарының даму тарихымен таныстырады, батикті жасауға үйрету арқылы процесске ынтамен қарауға баулиды. Өнерді жақсы көрген, өмірін жақсы көреді – үйірмеге қатысу арқылы, студент алдына мақсат қойып, өз ісіне иелік етеді. Қалаған бір суретке қол жеткізуде оқушы жұмыс барысындағы әр элементке жауапкершілікпен қарау қажеттілігін ұғынады. Дайын болған нәтижені ортаға талқыға салу, бірін-бірі бағалап, салыстыру арқылы талдайды.

Үйірме жұмысын ұйымдастырудағы мақсат:

1. Суретшілер, ұсталар, мүсіншілер туралы оқушыларға толық ақпарат беру. Көркем және қолөнер тарихына шолу жасап, бұрынғы дәуірдің атақты композицияларына оқушылардың көзқарастарын білдірту, білімін толықтыру.

2. Батик өнері мен оның түрлерімен таныстыру, құрал-жабдықтарын қолда алу біліктілігін арттыру, шебер қолдану техникасын үйрету. Стильдер ерекшеліктерін ажырата алатындай түсініктер беру.

3. Теориялық білімін қиялдай және ойлай алу қабілеті арқылы практикада жүзеге асыра алуын қадағалап, зеректігі мен шыдамдылығын шыңдай түсу. Әр жанрдың көзге бірден көрінбейтін сырларымен таныстыру, қызығушылығын ояту, сол жанрдың жаңа қырын ашуға баулу.

4. Оқушыларды Отанды, өнерді сүйеге ынталандыру. Шыншылдық пен турашылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс.

Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс іске асырылды. Көркем еңбек сабақтарында батик техникасын қолданып және қолданбай өткізілген жұмыстарда оқушылардың көркем-шығармашылық дамуына салыстырмалы талдау жасалынды.

Сыналушылар: 5 «Б» және 5 «В» сыныптары.

Өткізу түрі: практикалық жұмыс (2 сағ.).

Мақсаты: оқушылардың көркем-шығармашылық дамуына батик техникасында сабақтардың әсерін нақтылау. Сынаққа алынатын нәтижелер бойынша қорытынды жасау.

Жоспар:

1. «5 сурет эскиздері» негізінде оқушылардың көркем-шығармашылық қабілеттеріне диагностика жасау.

2. Пішін сезіміне диагностика жасау.

3. «Қатты-Ақырын» тесті.

4. «Адамның беттері» тесті.

5. «Көбелек» тесті.

6. «Ван Гог» тесті.


Тесттердің нәтижелері:

Тестілерге оқушылардың тең саны қатысты – әрбір сыныптан 15 оқушыдан. Алынған балдар жинақталып төмендегі кестеге салынды (Кесте 1).

Кесте 1 – Алынған балдар нәтижесі


Тест/диагностика атауы	5 «Б» сыныбының нәтижелері	5 «В» сыныбының нәтижелері
«5 сурет эскиздері»	67	44
Пішін сезіміне диагностика жасау	66	22
«Қатты-Ақырын» тесті	60	42
«Адамның беттері» тесті	60	60
«Көбелек» тесті	80	46
«Ван Гог» тесті	47	15

Алынған мәліметтер негізінде «5 «Б» және 5 «В» сыныптарындағы тестілер нәтижесі» диаграммасы жасалды (Сурет 1).



Сурет 1 – Тестілер нәтижесі диаграммасы

5 «Б» оқушылары үшін батик техникасында өткізілген сабақтар нәтижесінде қол жеткізген жетістік диаграммасы төмендегі суретте келтірілген (Сурет 2).



Сурет 2 – Өткізілген сабақтар нәтижесінде қол жеткізген жетістіктер диаграммасы

Тәжірибе қорытындысы. Батик техникасында сабақтар өткізуден кейін оқушыларда эскиздер құруда дербестік, динамикалық, эмоционалдық, мәнерлілік 25,5% артты. Пішін сезімінің, пішін жасау принциптерінің диагностикасы нәтижесінде 48,6%-ға дейін артты. «Қатты – Ақырын» тесті картинаның эмоционалды жағдайына сезімталдығы 5 «Б» сыныбында 20 % жоғары екенін көрсетті. «Адам беттері» тестіндегі адам бетінің графикалық суреттері материалында баланың қарау және көру біліктілігін (көркем қабылдауды) анықтаудың нәтижесі екі сынып арасында тең болып шықты. «Көбелек» тесті барысында ең ерекше таңдауды 5 «Б» оқушылары жасады айырма нәтижесі 37,8%.

«Ван Гог» тесті ең күрделі болып шықты, себебі эстетикалық қарым-қатынас ерекшеліктері көптеген оқушыларға мүлдем тән емес. Дегенмен бұл жерде нәтижесі де 5 «Б» сыныбында 35,5% жоғары болып шықты. Бізбен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік тестілеуден кейін оқушылардың көркем-шығармашылық дамуына батик техникасындағы сабақтардың әсерінің деңгейі даусыз жоғары деген қорытынды жасауға болады.

5 Қорытынды

Қазіргі әлемдегі өзгерістерді сонымен қатар қоршаған ортадағы өмір табиғатын байқамау мүмкін емес. Бұған әлемдегі әртүрлі халықтардың жалпы ойлары мен ой түйіндері дәлел бола алады.

Жоғарыда айтылғандай, батик сәндік өнердің бір түрі болып табылады, бейнелеу өнерінде де кеңінен қолданылатындығын қосқымыз келеді.

Міне, сондықтан да соңғы жылдары қалың көпшілік пен өнер сүйер қауымның батик өнеріне деген қызығушылығы артып келеді.

Қолданбалы өнердегі картиналарды орындау барысында біздің қиялымыз кеңейе түсті: біз болашақ шығармашылықта батик салудың техникасын қолданамыз. Жұмыс барысында алған білім болашақта басқа жұмыстардың жүзеге асуына ықпал етеді деп санаймыз.

Біздің жұмысымызда балалармен және мұғаліммен қалай жұмыс істеу керектігін көрсетеміз. Мұғалімнің қолданбалы өнер саласындағы жұмысы эстетикалық тәрбиенің бастауы болып табылады, ол білім берудің басқа түрлерімен тығыз байланысты.

Жалпы, батик оқушыларға арналған ең танымал кескіндеме түрлерінің бірі. Батик визуалды бейнелеу іс-әрекеттің бір түрі ретінде оқушылар арасында белгілі бір білімді қалыптастыруға, біліктіліктерін дамытуға, дағдыларды дамытуға және жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Батик заттардың түсі, құрылымы, өлшемі, пішіні мен құрамы туралы білуге мүмкіндік берді.

Осылайша, сәндік-қолданбалы өнер, атап айтқанда, батик техникасы бүгін ең маңызды болып табылатын тәрбиелік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Асонян Б. Африканский батик // Новое время. – 1973. – №49. – С. 13-16.
- 2 Популярное издание. Искусство батика / Под ред. Ивахнов А. – АСТ. Внешсигма. – М., 2001. – 187 с.
- 3 Шилкова Е.А. Волшебный батик. – М.: РИПОЛ классик, 2012. – 236 с.
- 4 Дворкина И. Батик. Горячий. Холодный. Узелковый. – М.: ОАО «Радуга», 2000. –160 с.
- 5 Энциклопедия художника. Искусство батика. – М.:Издательство «Внешсигма», 2001. – 175 с.
- 6 Блинчева И.Б., Смирнова О.К. Батик. Домашнее крашение. – Москва, Легпромбытиздат, 1990. – 138 с.

Материал редакцияға түсті: 27.05.2020

АБДИМОМИНОВА, Д.К., БЕЛГІБАЕВА, Г.М. ТЕХНОЛОГИЯ ИЗГОТОВЛЕНИЯ БАТИКА

В этой статье широко охвачена необходимая для школ методика рисования искусством батика, а также рассмотрена история происхождения и развития технологии батик, исследованы виды и техники рисования в искусстве батик, определены основы выполнения композиционных изображений на поверхности ткани техникой батик, показаны основы изображения природы на

картине, раскрыты основы обучения искусства батик на уроках художественного труда и организации кружка искусства, подведены итоги опытно-экспериментальной работы.

Ключевые слова: батик, технология, техника, декоративно-прикладное искусство, изобразительное искусство, рисование, ткань.

ABDIMOMINOVA, D.K., BELGIBAEVA, G.M.
BATIK MANUFACTURING TECHNOLOGY

This article widely covers the technique of drawing batik art, necessary for schools, as well as the history of the origin and development of batik technology, studied the technique and types of drawing in batik art, defined the basics of performing composite images on the surface of the fabric with the batik technique, demonstrated the basics of displaying the landscape of nature, revealed the basics of teaching batik art and organizing an art circle at the lessons of decorative and applied art, and presented the results of experimental work.

Key words: batik, technology, technique, arts and crafts, fine art, drawing, fabric.

УДК 378

Балгабаева, Г.З.

кандидат исторических наук,
профессор кафедры истории Казахстана,
КГПУ им. У. Султангазина,
Костанай, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Аннотация

Статья посвящена эффективному использованию элементов технологии критического мышления на уроках истории с целью формирования информационных, коммуникативных, личностных и социально-трудовых компетенции. Основной задачей технологии является формирование у учащихся навыков коллективной и самостоятельной работы. Повышение качества знаний, повышение интереса к предмету, развитие творческих способностей, развитие знаний, умений, навыков.

Ключевые слова: компетентность, компетенция, технологии, критическое мышление, образование.

1 Введение

В исследованиях современной педагогической науки акцентируется внимание на том, что формирование компетенций осуществляется через содержание образования, что способствует развитию способности учащегося и использование реальных проблем повседневной жизни – от бытовых проблем, возможностей решения производственных и социальных проблем. Социально-трудовая компетентность – это приобретение знаний и гражданско-общественного опыта. Рассматривает различные жизненные ситуации без влияния на личность, интересы общества [1].

На уроках истории в направлении формирования социально-трудовой компетенции учащихся, в соответствии с возрастными особенностями учащихся можно решать загадки, викторины, ребусы, кроссворды, можно использовать урок путешествия.

2 Материалы и методы

Технология критического мышления требует от учителя непрерывного поиска, постоянного совершенствования своих знаний. Ведь будущее нашей страны в руках молодого поколения. Мастерство и достижения учителя – это ученик, получивший качественное обра-